


“ASTEЛ” (АСТЕЛ) ААҚ  
акционерлердің жалпы жиналысында  
БЕКІТІЛГЕН  
жиналыс Хаттамасы)

(2012 жылғы «17» июль 2012



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
АЛМАЛЫ АУДАНЫДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
2005 ж. 27. 07  
№ 1417-1910-02-90  
2001 ж. 05. 11  
Алғашқы тіркелген күні: 2001 ж. 05. 11  
Министерство юстиции Республики Казахстан  
Департамент юстиции города Алматы  
Управление юстиции Алмаатинского района  
практическая государственная регистрация  
юридических лиц  
свидетельство № 1417-1910-02-90  
Дата принятия регистрации: 05. 11. 2001 г.  
СРБ № 011140001666

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
АЛМАЛЫ АУДАНЫДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН  
ДОДАҚА БІРУЛАР ЕМГІЗІЛГЕН  
№ 1580 БҰЙРЫҒЫ  
2012 ж. 23. 07  
Министерство юстиции Республики Казахстан  
Департамент юстиции города Алматы  
Управление юстиции Алмаатинского района  
Внесены изменения и дополнения  
в учредительные документы  
ПРИКАЗ № 1580  
23. 07 2012 г.

«ASTEЛ» (АСТЕЛ)  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ

2-жағын  
қара

**«ASTEL» (АСТЕЛ)  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ**

**1. ПРЕАМБУЛА**

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жаңа редакцияда әзірленді және бұдан әрі – «Қоғам» деп аталатын «ASTEL» (АСТЕЛ) акционерлік қоғамын ұйымдастыру мен қызмет етуінің құқықтық негізін анықтайды.

**2. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ МЕН ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ**

2.1. Қоғамның толық атауы:

- қазақ тілінде: «ASTEL» (АСТЕЛ) Акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде: Акционерное общество «ASTEL» (АСТЕЛ)
- ағылшын тілінде: «ASTEL» Joint Stock Company

2.2. Қоғамның қысқартылған атауы:

- қазақ тілінде: «ASTEL» (АСТЕЛ) АҚ;
- орыс тілінде: АО «ASTEL» АСТЕЛ)
- ағылшын тілінде: «ASTEL» JSC

2.3. Қоғамның орналасқан жері болып оның атқарушы органының тұрақты қызмет ететін жері табылады, атап айтқанда: Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мәметова көшесі, 67 Б үй.

**3. ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

3.1. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес акционерлік қоғам түрінде құрылады. Қоғам коммерциялық ұйым болып табылады. Қоғам жеке заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасының аумағында заңды тұлғаларға берілетін барлық құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады. Меншік түрі – жеке меншік.

3.2. Қоғам заңды тұлғаның құқығына тіркеуге алынған кезден бастап ие болады. Қоғам осы Жарғы мен Қазақстан Республикасы Заңнамасының ережелеріне сәйкес өзінің қызметін тоқтатпайтын болса, оның құрылу мерзімі шектеусіз болып табылады.

3.3. Қоғам Қазақстан Республикасының Заңына, Заңнамасына, осы Жарғыға, бизнес-жоспарға және акционерлердің шешімдеріне сәйкес реттеледі және басқарылады, қызметі жүзеге асырылады.

3.4. Қоғам оның жеке балансында айқындалатын оқшауланған мүлікке меншік құқығына ие. Қоғам өзінің акционерлерінен мүлігінен оқшауланған мүлікке және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өзінің мүлігі шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтереді. Акционерлер Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, оларға тиесілі акциялар құнының шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелділігін көтереді.

3.5. Қоғам мүлігі мыналардың есебінен құралады:

- 1) Қоғам акциясы төлеміне акционерлер берген мүліктен;
- 2) Қоғам қызметінің нәтижесінде алынған кірістерден;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша алынған өзге де мүліктерден.

Қоғамның жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес анықталған олардың номиналдық құны бойынша акционерлердің және орналастыру бағасы бойынша инвесторлардың акциялар төлемі арқылы қалыптастырылады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен айқындалады.

Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

- 3.6. Қоғамның оның фирмалық толық атауы және оның орналасқан жері бар дөңгелек мөрі, мөртабаны және қазақ және орыс тілдерінде өзінің атауы бар бланкілері, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелген тауарлық белгісі, қызмет көрсету белгісі және басқа да реквизиттері бар.
- 3.7. Қоғам еншілес және тәуелді заңды тұлғалар құруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

Қоғам сондай-ақ мыналарға құқылы:

- 1) қажетті құрылымдық бөлімшелерді қайта құруды жүзеге асыруға.
- 2) Қоғам атынан мүліктік және қаржылық операцияларды және жүргізілетін мәмілелер мен операциялар бойынша міндеттемелерді жүзеге асыруға тапсырма беруге және сенімхаттар мен кепілдіктер беруге.
- 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен Қоғам көрсететін байланыс қызметтеріне бағаны қалыптастыруға.
- 4) Қоғам қызметінде туындайтын азаматтық-құқықтық жауапкершілікті және кәсіпкерлік тәуекелділікті сақтандыруға.
- 5) өзінің атынан шарттар жасауға, кез-келген басқа да мәмілелерді жасауға, мүліктік және мүліктік емес құқықтарды алуға және міндеттемелер көтеруге.
- 6) өзінің қызметін жүзеге асырудан кіріс алуға.
- 7) сотта талапкер және жауапкер болуға.

Қоғам күзет құжаттарын, зияткерлік меншік объектілерін иелену мен пайдалануға арналған құқықтарды алады және береді: «ноу-хау», технология және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен басқа да ақпараттар.

Қоғам шығару, орналастыру, айналдыру және өтеу шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін құнды қағаздарды шығаруға құқылы.

Қоғам өндірістік қызметті жоспарлауға, қызметкерлердің еңбек төлеміне, материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік дамытуға, кірісті бөлуге, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қайта даярлауға байланысты барлық мәселелерді жеке шешеді.

Қоғам заем алуға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және халықаралық құқық нормаларына сәйкес қазақстандық, сондай-ақ шетелдік заңды және жеке тұлғалар ретінде теңгемен және шетелдік валютамен несиелер пайдалануға құқылы.

Қоғам сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыра алады.

#### 4. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ

4.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей шектелген немесе тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметінің мәні мыналарды қамтитын кәсіпкерлік қызмет болып табылады:

- 1) Заңды және жеке тұлғаларға электр байланыс және радио байланыс қызметтерін көрсету (бұдан әрі бәрі бірге – «байланыс қызметтері»), оның ішінде:
  - 1-1) жергілікті телефон байланысы қызметтерін көрсету;
  - 1-2) қалааралық телефон байланысы қызметтерін көрсету;
  - 1-3) халықаралық телефон байланысы қызметтерін көрсету;
  - 1-4) IP-телефония қызметтерін көрсету (Интернет-телефония);
  - 1-5) Интернет желісіне мүмкіндік қызметтері;
  - 1-6) байланыстың бөлінген желілері бойынша телекоммуникациялық қызметтер көрсету;
  - 1-7) ғарыштық жылжымалы байланыс;
  - 1-8) ұялы байланыс қызметтерін көрсету (кез-келген рұқсат етілген стандарт);
  - 1-9) ұялы телекоммуникациялық байланыс қызметтерін көрсету (оның ішінде жылжымалы радио қызметтері (радиотелефон байланысы), транкингітік және пейджингітік байланыс);
  - 1-10) жеке меншік желілерді ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету (жалға байланыс каналдарын және желілердің инфрақұрылым бөлшектерін беру);
  - 1-11) пошталық байланыс қызметтерін көрсету;

- 1-12) желілерді және байланыс желілерін техникалық пайдалану бойынша қызметтер көрсету (телекоммуникациялық қондырғыларды, желілердің инфрақұрылым бөлшектерін қоса алғанда);
- 1-13) телевизиялық және/немесе радиотаратуды ұйымдастыру бойынша қызметтер;
- 1-14) кез-келген байланыс қондырғыларын, өзге жоғары технологиялы қондырғыларды, ақпараттық жүйелерді және бағдарламалық қамтамасыз етуді жеткізу (сату), инсталляция және техникалық қызмет көрсету;
- 1-15) желілерді және электр байланыс және радио байланыс жүйелерін, ақпараттық жүйелерді және 4.1 Баптың 2) тармағында көзделмеген бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу мен пайдалануға байланысты жұмыстың кез-келген түрін орындау;
- 1-16) байланыс, информатика саласында жаңа қызметтерді іздеу, әзірлеу, енгізу және пайдалану; телекоммуникациялық және өзге жоғары технологияды жобаларды әзірлеу мен енгізу;
- 1-17) осы 1) тармақтың 1-1) – 1-16) тармақшаларында көзделген жұмыстар мен қызметтерге кез-келген қосымша (ұқсас) жұмыстар мен қызметтерді орындау;
- 2) жүйелік шоғырландыру бойынша (қондырғыларды пайдалануға жеткізу, орнату және енгізу) жеткізуді, жұмысты және олардың қызметтеріне байланысты қызметтерді орындау, оның ішінде:
- 2-1) телефон стансалары мен жүйелер;
- 2-2) компьютерлік жергілікті (және ғаламдық) желілер және компьютерлік қондырғылар;
- 2-3) бейне конференция жүйелері;
- 2-4) радио жүйелер байланысы;
- 2-5) кабельдік желілер мен жүйелер;
- 2-6) күзет сигнализациясы жүйелері;
- 2-7) өрт сигнализациясы жүйелері;
- 2-8) бақылау мүмкіндігі жүйесі;
- 2-9) энергиямен жабдықтау жүйесі және үздіксіз қуаттандыру;
- 2-10) бағдарламалық қамтамасыз ету;
- 2-11) климаттық өлшемдерді бақылау мен тұрақтандыру жүйесі;
- 2-12) ақпараттық жүйелер.
- 3) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында 1) тармақтың 1-1)-1-16) тармақшаларында көзделген жұмыстар мен қызметтерге ұқсас және технологиялық байланысты жұмыстарды (қызметтерді) орындау, оның ішінде:
- 3-1) инженерлік-геодезиялық жұмыстарды қамтитын ізденістер қызметтері (жоспарлы-биіктік түсіру желілерін құру, жобалау мен құрылысқа арналған топографиялық жұмыстар (1:10000 бастап 1:200 масштабқа дейінгі түсірілімдер, сондай-ақ жерасты коммуникациялары мен құрылғылар түсірілімдері, жол төсеу және жерүсті желілік құрылғылар мен олардың бөлшектерін түсіру), инженерлік-геологиялық өнімдерді түсірудің пішінін көшіруге байланысты геодезиялық жұмыстар (ізденістердің геофизикалық және басқа да нүктелері), инженерлік-геологиялық және инженерлік-гидрогеологиялық жұмыстар (топырақты далалық зерттеу, гидрогеологиялық зерттеу);
- 3-2) қала құрылысын жобалауды қамтитын жобалық жұмыстарды орындау (құрылыс салу жүйесінде электр энергиясының өндірісі мен тасымалдау бойынша (объектілерді орналастыру арқылы елді мекендерді электрмен жабдықтау схемалары, сондай-ақ ауылдар арасындағы аумақтарда орналастарылған өндірістік кешендерді электрмен жабдықтау, инфрақұрылым объектілерін және ақпарат көздерін орналастыру арқылы елді мекендерге арналған телекоммуникация мен байланыс схемалары);
- 3-2-1) жауапкершіліктің бірінші немесе екінші және үшінші деңгейдегі ғимараттар мен имараттар үшін сәулеттік жобалау (объектілердің бас жоспарлары, аумақтардың инженерлік даярлығы, бедерді көріктендіру мен ұйымдастыру), өндірістік (өндірістік-шаруашылық) мақсаттағы ғимараттар, құрылғылар мен коммуникациялар;
- 3-2-2) құрылыстық жобалау (негіздер мен іргетастар; бетон және темір-бетон, тас және армотастық құрылғылар; металл құрылғылар (болат, алюминий және балқымадан алынған));
- 3-2-3) инженерлік жүйелер мен желілерді жобалау (ішкі жылыту жүйелері (электрлікті қоса алғанда), желдету, ауаны баптау, суықпен жабдықтау, газдандыру (төмен қысымды газбен жабдықтау), сондай-ақ қосалқы объектілері бар олардың сыртқы желілері; тоғы әлсіз құрылғылардың ішкі жүйелері (телефондандыру, өрт-күзет сигнализациясы), сондай-ақ олардың сыртқы желілері; бақылау-өлшеу, есеп және реттеу құрылғыларын қоса алғанда технологиялық процестерді автоматтандыру; ішкі және сыртқы электрмен жарықтандыру жүйелері, 0,4 кВ бастап 10 кВ дейін электрмен жабдықтау),

- 3-2-4) жобалардың арнайы бөлімдерін әзірлеу (еңбекті қорғау; тотығуға қарсы қорғаныс құрылғысы; найзағайдан қорғау бойынша құрылғы; өрт-күзет сигнализациясының автоматикасы, құрылғысы, өрт сөндіру және жаңа құрылыс, күрделі жөндеуге арналған жобалау сатысындағы өртке қарсы қорғаныс жүйелері, ғимарат пен имаратты жаңғырту немесе қайта жабдықтау; сметалық құжаттаманы құрастыру; құрылысты және жұмыс өндірісінің жобаларын ұйымдастыру жобаларын құрастыру);
- 3-2-5) өндірістік мақсаттағы объектілерді (мұнаралық және діңгектік үлгідегі құрылғылар) технологиялық жобалау (құрылыс жобаларының технологиялық бөлігін әзірлеу);
- 3-2-6) көлік, байланыс және коммуникация, оның ішінде қызмет көрсету бойынша: байланыстың, радио-, телекоммуникацияның жергілікті желілері; байланыстың жалпы республикалық және халықаралық желілері (ғарыштықты қоса алғанда) және телекоммуникацияның өзге де түрлері);
- 3-3) құрылыс-монтаж жұмыстары;
- 3-3-1) күрделі жөндеу мен объектілерді қалпына келтіруді қамтитын (металл құрылғылар монтажы) ғимараттар мен имараттардың көтеруші және (немесе) қоршау құрылымдарын жаңғырту (оның ішінде көпірлерді, көлік эстакадаларын, тоннельдерді және жол өткелдерін, өзге жасанды құрылыстарды);
- 3-3-2) күрделі құрылыс пен қалпына келтіруді қамтитын (жалпы республикалық және халықаралық байланыс желілері мен телекоммуникация) желілік құрылғыларды тарту бойынша арнайы құрылыс және монтаждық жұмыстар;
- 3-3-3) күрделі құрылыс пен қалпына келтіруді қамтитын (электрмен жабдықтау желілері және сыртқы электрмен жарықтандыру құрылғысы, электрмен жарықтандырудың және электрмен жылытудың ішкі жүйелері, желдету, ауаны баптау, пневмокөлік пен аспирация) инженерлік желілер мен жүйелердің құрылғысы;
- 3-3-4) құрылғылар мен қондырғыларды қорғау мен әрлеу бойынша жұмыстар, оның ішінде объектілерді күрделі жөндеу мен қалпына келтіру кезінде (гидроокшаулау, жылу оқшаулау, тотығуға қарсы, оның ішінде жегілік сулар ықпалынан химиялық қорғаныс жабыны, электр химиялық қорғаныс және найзағайдан қорғау);
- 3-3-5) технологиялық қондырғылар монтажы, апатқа қарсы қорғанысқа, бақылау мен дабылдама жүйесіне, көліктегі тежегішке, электр энергетикасы объектілеріне және тіршілікпен қамтамасыз етудегі сумен жабдықтаудың өзге объектілеріне, сондай-ақ өндірістік мақсаттағы есептеу және бақылау аспаптарына байланысты жіберу-әрлеу жұмыстары;
- 3-4) байланыстың, радио мен телекоммуникацияның және телевидениенің объектілері мен имараттарының құрылысы, қалпына келтіру, күрделі жөндеу кезіндегі әрлеу жұмыстарының өндірісі;
- 3-5) технологиялық қондырғылар, оның ішінде байланыс, дабылдама, технологиялық металл құрылғылар, электр техникалық қондырғылар және өндірістік және тұрмыстық мақсаттағы қондырғылар, бақылау және есептеу аспаптары, байланыс қондырғысы монтажы;
- 3-6) технологиялық қондырғылардың, оның ішінде бақылау аппаратурасы мен жүйесінің, апатқа қарсы қорғаныс пен дабылдаманың, байланыс, дабылдама, технологиялық металл құрылғылар, электр техникалық құрылғылар және өндірістік және тұрмыстық мақсаттағы қондырғылар, бақылау және есептеу аспаптары, байланыс қондырғысын жіберу-әрлеу жұмыстарының өндірісі;
- 3-7) байланыс, радио, телекоммуникация, телевидения объектілері мен құрылғыларын күрделі жөндеу мен қалпына келтіру кезінде жөндеу-құрылыс жұмыстарының өндірісі;
- 3-8) байланыс, радио, телекоммуникация, телевидения құрылғыларын, қондырғыларын, объектілерін жөндеу бойынша жұмыстарды орындау;
- 4) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметтер (криптографиялық қорғаныс құралдарын әзірлеу мен жүзеге асыру бойынша қызмет (оның ішінде өзге де беру).
- 5) консультациялық қызметтер, 4.1 баптың 1)-4) тармақшаларында тізбеленген қызметтер саласында оқу мен біліктілікті арттыру бойынша қызметтер.
- 6) сыртқы экономикалық, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 4.1 Бапта тізбеленген қызметтердің түрлерін жүзеге асыру мақсатында қызметтерді жүзеге асыру.
- 7) 4.1 Баптың 1)-6) тармақшасында тізбеленген қызметтердің түрлеріне қатысы бойынша қосалқы болып табылатын кез-келген өзге де қызметтерді жүзеге асыру.
- 8) жоғарыда көзделмеген және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез-келген өзге де қызметтерді жүзеге асыру.

4.2. 4.1 Бапта сипатталғандай қызметтердің мәні Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес Қоғамның тиісті басқару органының шешімімен өзгертілуі немесе ұлғайтылуы мүмкін.

4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған қызметтердің жекелеген түрлерінің тізбесін Қоғам тек Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген лицензия мен рұқсаттар негізінде ғана жүзеге асыра алады.

## 5. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Акционерлер мынадай құқықтарға ие:

5.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқару мен қызметіне қатысуға;

5.1.2. дивиденттер алуға;

5.1.3. Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Акционерлер жалпы жиналысында немесе Қоғам Жарғысына белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

5.1.4. Қоғам тіркеушісінен немесе құнды қағаздарға оның меншік құқығын куәландыратын номиналдық ұстаушыдан көшірме алуға;

5.1.5. Қоғам директорлар кеңесіне сайлау үшін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына кандидатураларды ұсыну;

5.1.6. сот тәртібімен Қоғам органы қабылдаған шешімдерді даулауға;

5.1.7. жеке немесе басқа акционерлердің Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан артық пайызының жиынтығын иелену кезінде жасалуында мүдделілігі бар ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді жасау (жасауға ұсыныстар) туралы шешім қабылдау нәтижесінде олар алған табысты (кірісті) Қоғамның лауазымды тұлғалары және (немесе) олардың дараланған тұлғалары Қоғамға келтірген және Қоғамға қайтаруға Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға өтеуі туралы талаппен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда, өзінің атынан сот органдарына жүгінуге;

5.1.8. Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауалмен жүгінуге және Қоғамға сауал түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің бойында дәлелді жауап алуға;

5.1.9. Қоғам тараған кезде мүліктің бір бөлігіне;

5.1.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен акцияларды немесе оның акцияларына айырбасталымды Қоғамның басқа құнды қағаздарын артықшылықты сатып алуға.

5.2. Ірі акционер сондай-ақ мыналарға құқылы:

5.2.1. акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан директор кеңесі бас тартқан жағдайда, оны шақыру туралы талаппен сотқа жүгінуге;

5.2.2. директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;

5.2.3. директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруды талап етуге;

5.2.4. өзінің есебінен аудиторлық ұйымнан Қоғам аудитін өткізуді талап етуге.

Осы Жарғының 5.1 және 5.2 Баптарында көзделген акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

5.3. Қоғам акционері міндетті:

5.3.1. акцияны төлеуге;

5.3.2. 10 (он) күннің бойында Қоғам тіркеушісіне және осы акционерге тиесілі акцияны номиналдық ұстаушыға Қоғам акцияларын ұстаушылар тізбесінің жүйесіне енгізу үшін қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы мәлімдеуге;

5.3.3. қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияларды құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты таратпауға;

5.3.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға.

5.4. Қоғам және Қоғам тіркеушісі Жарғының осы Бабының 5.3.2 тармағында көзделген талаптарды акционерлердің орындамаған салдары үшін жауапкершілік көтермейді.

## 6. ҚОҒАМ АҚПАРАТЫН АШУ

6.1. Қоғам өзінің акционерлері мен инвесторларының назарына Қоғамның мынадай корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты жеткізуге міндетті:

- 1) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс мәселелер мен ақпараттардың тізбесі бойынша акционерлер Жалпы жиналысы мен директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер;
- 2) Қоғам акцияларын және басқа құнды қағаздарды шығару және Қоғамның құнды қағаздарын орналастыру қорытындысы туралы есепті, Қоғамның құнды қағаздарын өтеу қорытындысы туралы есепті уәкілетті органның бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның құнды қағаздарын жоюы;
- 3) жасалуында Қоғамның мүдделілігі бар Қоғамның ірі мәмілелер мен мәмілелерді жасауы;
- 3-1) осы Қоғамның активтерінің бес және одан артық пайызын құрайтын сомаға Қоғам мүлігін кепілдікке (қайта кепілдікке) беру;
- 4) Қоғамның меншік капиталы көлемінің жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын көлемде Қоғамның заем алуы;
- 5) Қоғамның қандай-да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия алуы, қандай-да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған Қоғам ертеректе алған лицензияның іс-әрекетін кідіртуі немесе тоқтату;
- 6) заңды тұлғаның құрылуына Қоғамның қатысуы;
- 7) Қоғам мүлігін тәркілеу;
- 8) Қоғам активтерінің жалпы көлемінің он және одан артық пайызын құрайтын баланстық құнның Қоғам мүлігін жою нәтижесінде төтенше сипаттағы жағдайлардың басталуы;
- 9) Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
- 9-1) корпоративтік дау бойынша істі сотта қозғау;
- 10) Қоғамды мәжбүрлі қайта құру туралы шешім;
- 11) Қоғам Жарғысына, сондай-ақ Қоғамның құнды қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес Қоғам акционерлері мен инвесторларының мүддесін қозғайтын өзге де жағдайлар.

6.2. Қоғам интернет-ресурста Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп туралы заңнамасына сәйкес белгіленген қаржылық есеп депозитарийін, корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіп пен мерзімде Қоғамның жылдық қаржылық есебін және аудиторлық есебін орналастыруды қамтамасыз етеді.

Қоғам Жарғының осы Бабында көзделген ақпаратқа қосымша ретінде қорлық биржа тізіміне құнды қағаз енгізгенді интернет-ресурста Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп туралы заңнамасына сәйкес белгіленген қаржылық есеп депозитарийін, тоқсандық қаржылық есепті орналастыруды қамтамасыз етеді және барлық корпоративтік оқиғалар және тоқсандық қаржылық есеп туралы ақпаратты қорлық биржаның интернет-ресурсында жариялау үшін оның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен қорлық биржаға тапсырады.

6.3. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты тапсыру Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында ақпаратты жариялау мерзімі көзделмеген жағдайда (акционерлер назарына дейін жеткізу), аталған ақпарат ол туындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің бойында жарияланады (акционерлер назарына дейін жеткізіледі).

Корпоративтік дау бойынша істің сотта қозғалуы туралы ақпарат корпоративтік дау бойынша азаматтық іс жөнінде Қоғам тиісті соттық хабарламаны (шақыруды) алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінің бойында акционерлерге тапсырылады.

Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты иеленетін Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті жүргізуді қамтамасыз етеді.

6.4. Оның қызметіне қатысты Қоғам құжаттары Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша оның қызметінің барлық мерзімінің бойында Қоғамданемесе оның Жарғысымен анықталған өзге жерде сақтауға жатады.

6.5. Сақтауға мынадай құжаттар жатады:

- 1) Қоғам Жарғысы, Қоғам Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) құрылтайлық жиналыстардың хаттамалары;
- 3) құрылтайлық шарт (жеке құрылтайшының шешімі), құрылтайлық шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулар (жеке құрылтайшының шешімі);
- 4) заңды тұлға ретінде Қоғамды тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;

5) Қоғамның белгілі қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі іс-әрекеттерді жасауға лицензиялар;

6) оның балансында болған (болатын) мүлікке Қоғамның құқығын куәландыратын құжат;

7) Қоғамның құнды қағаздар проспектісін шығару;

8) Қоғамның құнды қағаздарын шығаруды мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттар, құнды қағаздарды жою, сондай-ақ уәкілетті органға тапсырылатын Қоғамның құнды қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындысы туралы есептерді бекіту;

9) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;

10) акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамалары, дауыс беру мен бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер) қорытындысы туралы хаттамалар, акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;

11) акционерлер Жалпы жиналысын өткізу үшін ұсынатын акционерлер тізімі;

12) директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамалары (сырттай мәжілістер шешімдері) және бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;

13) атқарушы орган мәжілісінің (шешімдерінің) хаттамалары;

14) ол болған жағдайда, корпоративтік басқару кодексі.

Өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есебі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім бойында сақталады.

6.6. Акционерлер талабы бойынша Қоғам оған Қоғамға мұндай талап түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей құжаттардың көшірмесін тапсыруға міндетті. Акционерге белгілі болған «Құпия», «Қызметтік пайдалану үшін» белгілері бар Қоғам қызметі туралы ақпарат жазбаша немесе өзге үлгіде үшінші тұлғаларға берілмейді. Мұндай ақпаратты орналастыратын акционер оның құпиялықта сақтауға міндетті. Құпия ақпаратты ашу тек Қоғам Президентінің рұқсатымен ғана мүмкін, қарсы жағдайда, акционер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғам Жарғысына сәйкес жауапкершілік көтереді.

Құжаттар көшірмесін тапсыру үшін төлем көлемін Қоғам белгілейді және құжаттар көшірмесін даярлауға арналған шығындар құнынан және акционерге құжаттарды жеткізуге байланысты шығындар төлемінен аспайды.

Қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге құпияларды құрайтын ақпараттар бар Қоғамның құнды қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналдырудың және айырбастаудың жекелеген мәселелерін реттейтін құжаттар оның талабы бойынша акционерлік танысуы үшін берілуі тиіс.

6.7. Қоғам акционерлердің назарына жеткізуге міндетті ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам Жарғысына көзделген тәртіп пен мерзімде Республикалық «Казахстанская правда» газетінде жарияланады.

## 7. ҚОҒАМНЫҢ ҚОСЫЛМА ТҮЛҒАЛАРЫ

7.1. Қоғамның қосылма тұлғалары мыналар болып табылады:

1) ірі акционер;

2) Қоғамның тәуелсіз директорын қоспағанда, осы Баптың 1), 3) және 8) тармақшаларында көзделген жеке тұлғаның жақын туысқандары, ері (жұбайы), ерінің (жұбайының) жақын туысқандары;

3) Қоғамның лауазымды тұлғасы немесе тәуелсіз директорды қоспағанда, осы Баптың 1), 4), 5), 6), 6-1), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген заңды тұлға;

4) ірі акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы болып табылатын тұлғаға қатысы бойынша заңды тұлға;

5) ірі акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы болып табылатын тұлғаға қатысы бойынша заңды тұлға ірі акционер болып табылады немесе мүліктегі тиісті үлес құқығына ие;

6) Қоғамға қатысы бойынша заңды тұлға ірі акционер болып табылады немесе мүліктегі тиісті үлес құқығына ие;

6-1) осы Баптың 6) тармағында көзделген заңды тұлғаға қатысы бойынша заңды тұлға ірі акционер болып табылады немесе мүліктегі тиісті үлес құқығына ие;

7) үшінші тұлғаның бақылауындағы Қоғаммен бірлескен заңды тұлға;

8) Қоғам қабылдайтын шешімге сәйкес ол анықтауға құқылы Қоғам шартына байланысты тұлға;

9) жеке немесе өзінің қосылма тұлғаларымен бірлесіп Қоғамның дауыс беретін акцияларының (ұйымның қатысу үлесінің) он және одан артық пайызын иеленетін, пайдаланатын, басқаратын тұлға немесе осы Баптың 1), 4), 5), 6), 6-1), 7), 8) және 10) тармақшаларында көзделген заңды тұлға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның қосылма тұлғалары болып табылатын өзге де тұлға.

7.1.-1. Жеке тұлғаның қосылма тұлғалары мыналар болып табылады:

1) жақын туысқандары, ері (жұбайы), ерінің (жұбайының) жақын туысқандары;

2) осы жеке тұлға және (немесе) осы Баптың 1) тармақшасында көзделген тұлға болып табылатын ірі акционер (ірі қатысушы) және (немесе) лауазымды тұлғалардың заңды тұлғасы;

3) жеке тұлғаны және (немесе) осы Баптың 1) тармақшасында көзделген тұлғаны бақылайтын заңды тұлға;

4) осы Баптың 2) және 3) тармақшаларында көзделген заңды тұлғаға қатысы бойынша заңды тұлға ірі акционер (ірі қатысушы) болып табылады немесе мүліктегі тиісті үлес құқығына ие;

5) осы Баптың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген заңды тұлғалардың лауазымды тұлғалары. Қоғамның бақылауындағы немесе өзге заңды тұлғалар тиісінше Қоғам немесе өзге заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді анықтау мүмкіндігі болып табылады.

7.2. Қосылма тұлғалар болып табылмайтындар:

1) коммерциялық емес ұйымның немесе кредиттік бюроның ірі акционерлері (қатысушылары) болып табылатын тұлғалар;

2) қабілетсіз және қабілеті шектеулі тұлғалар.

7.3. Оның қосылма тұлғаларының қатысуымен Қоғам мәмілесін жасаудың ерекшелігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді. Оның қосылма тұлғаларының қатысуымен Қоғам мәмілесін жасау тәртібінің талаптарын сақтамау кез-келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша сот мәмілені жарамсыз деп тану үшін негіздеме болып табылады. Қосылма тұлғалардың қатысуымен мәмілені жасау тәртібінің талаптарын бұзушылықпен мәмілені қасақана жасаған тұлға, егер мұндай талап дүниеқорлық негізден немесе жауапкершіліктен жалдату ниетінен болса, мәмілені жарамсыз деп тануды талап етуге құқығы жоқ.

7.4. Қоғамның қосылма тұлғалары туралы мәлімет қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

7.5. Қоғам осы тұлғаларға немесе Қоғам тіркеушісіне (тек уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты) тапсырылатын мәлімет негізінде өзінің қосылма тұлғаларының есебін жүргізуге міндетті. Қосылма тұлғалардың тізімін Қоғам олар белгілеген тәртіппен уәкілетті органға тапсырады.

7.6. Қоғамның қосылма тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар қосылма пайда болған күннен бастап 7 (жеті) күннің бойында Қоғамға өзінің қосылма тұлғалары туралы мәлімет тапсыруға міндетті.

## 8. ДИВИДЕНТТЕР

8.1. Дивиденттер оларға тиесілі акциялар бойынша оның акционерлері Қоғамға төлеген кіріс болып табылады. Қоғам акциялары бойынша дивиденттер артықшылықты акциялар бойынша дивиденттерді қоспағанда, Қоғам акциясына жай көпшілік дауыспен акционерлер Жалпы жиналысында қабылданған дивиденттер төлемі туралы шешім шартымен Қоғам ақшасымен немесе құнды қағаздарымен төленеді. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша құнды қағаздар дивиденттерін төлеуге жол берілмейді.

Қоғам акциялары бойынша оның құнды қағаздарының дивиденттерін төлеуге тек мұндай төлем акционердің жазбаша келісімі болған кезде, Қоғам жариялаған акциялармен және олар шығарған облигациялармен жүзеге асырылған жағдайда ғана жол беріледі.

8.2. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивиденттерді есептеуге жол берілмейді:

1) жеке капитал көлемі теріс болса немесе егер Қоғамның жеке капиталының көлемі оның акциялары бойынша дивиденттерді есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе жағдайсыздық белгілеріне жауап берсе немесе көзделген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивиденттерді есептеу нәтижесінде пайда болса.

8.3. Дивиденттерді алуға құқығы бар акционерлер тізімі дивиденттерді төлеудің алдыңғы күнінің күнінде құрастырылуы тиіс.

Төленбеген дивиденттермен акцияларды иесіздендіру, егер акцияларды иесіздендіру туралы шартта өзге ештеңе көзделмесе, олардың жаңа меншік акцияларды алу құқығымен жүзеге асырылады.

8.4. Дивиденттер орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алмаған акциялар бойынша, сондай-ақ сотпен немесе Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысымен оны тараты туралы шешім қабылданғанда, есептелмейді және төленбейді.

8.5. Жыл қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер төлемі туралы шешім акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында қабылданады. Тек акционерлер Жалпы жиналысы ғана тоқсан немесе жарты жылдың қорытындысы бойынша жай акциялар жөнінде дивиденттер төлемі туралы шешім қабылдауға құқылы. Тоқсан немесе жарты жылдың қорытындысы бойынша жай акциялар жөнінде дивиденттер төлемі туралы Жалпы жиналыс шешімінде бір жай акцияға арналған дивиденттер көлемі көрсетіледі. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер төлемі туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінің бойында бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс, осы шешім сондай-ақ корпоративтік Web-сайтта да жарияланады.

8.6. Акционер Қоғам қарызының жиналу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивиденттер төлемін талап етуге құқылы. Оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде дивиденттер төленбеген жағдайда, акционерге дивиденттердің негізгі сомасы және ақшалық міндеттемені орындау күні Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде қайта қаржыландырудың ресми ставкасынан есептелген өсімпұл немесе оның тиісті бөлігі төленеді.

8.7. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінің бойында оны бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті жариялау арқылы Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер төлемсіздігі туралы шешім қабылдауға құқылы.

8.8. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер төлемі туралы шешімде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банкілік және өзге реквизиттері;
- 2) дивиденттер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға есептелген дивидент көлемі;
- 4) дивидентті төлеудің басталу күні;
- 5) дивидентті төлеудің тәртібі мен түрі.

8.9. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивиденттерді төлеу Қоғам органының шешімін талап етпейді.

Дивиденттерді төлеу мерзімі және бір артықшылықты акцияға арналған дивидент көлемі, егер Қоғам артықшылықты акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Қоғам Жарғысына сәйкес белгіленеді.

Артықшылықты акциялар бойынша есептелген дивиденттер көлемі осы кезеңдегі жай акциялар бойынша есептелген дивиденттер көлемінен аз болмауы тиіс. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивиденттерді толық төлегенге дейін оның жай акциялары бойынша дивиденттерді төлеу жүргізілмейді. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивиденттер төлемінің мерзімі басталар алдында 5 (бес) жұмыс күнінің бойында 8.8 Баптың 1), 2), 4), 5) тармақтарында тізбеленген мәліметтерді көрсету арқылы дивиденттер төлемі туралы ақпаратты, сондай-ақ Қоғамның бір артықшылықты акциясына есептелген дивидент көлемін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

## 9. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ

9.1. Қоғам органдары мыналар болып табылады:

- 1) жоғарғы орган - акционерлер Жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы - директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Президент;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Қоғам Жарғысына сәйкес өзге де органдар.

## 10. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ. ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСТЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ

10.1. Акционерлер Жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

10.2. Қоғам жыл сайын Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің өзге Жалпы жиналысы кезектен тыс болып табылады.

10.3. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысында:

1) Қоғамның жылдық қаржылық есебі бекітіледі;

2) аяқталған қаржылық жыл үшін Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивидент көлемі анықталады;

3) Қоғамның іс-әрекетіне акционерлердің жүгінуі туралы мәселелер және олардың лауазымды тұлғалары және оларды қарау қорытындысы туралы мәселелер қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғам акционерлерін Қоғам директорлар кеңесі мен атқарушы орган мүшелерін сыйақыландыру көлемі мен құрамы туралы хабарландырады. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы акционерлер Жалпы жиналысының құзыретіне қатысты қабылданатын шешім бойынша басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

10.4. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы қаржы жылының аяқталуы бойынша бес айдың бойында өткізілуі тиіс. Белгіленген мерзім, есептік кезеңде Қоғам аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, үш айға дейін ұзартылды деп саналады.

10.5. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы мыналардың бастамасы бойынша шақырылады:

1) директорлар кеңесінің;

2) ірі акционердің.

Қоғамның ерікті тарату барысындағы акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, даярлауы және өткізуі мүмкін.

10.6. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы ірі акционердің талабы осындай жиналыстың күн тәртібі болуы тиіс тиісті жазбаша хабарламаны Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша жолдау арқылы директорлар кеңесіне тапсырылады.

Қоғам директорлар кеңесі күн тәртібіндегі мәселелерді құрастыруға өзгеріс енгізуге және ірі акционердің талабы бойынша шақырылған акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге құқылы емес.

Ұсынылған талаптарға сәйкес акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру кезінде директорлар кеңесі Жалпы жиналыстың өзінің ұйғарымы бойынша кез-келген мәселемен күн тәртібін толықтыруға құқылы.

Егер акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талап ірі акционерден (акционердерден) шыққан жағдайда, онда осындай жиналысты шақыруды талап еткен акционерлердің (акционердің) аты-жөні (атауы) болуы және оларға тиесілі акциялардың саны мен түрі көрсетілуі тиіс.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын талап еткен тұлға (тұлғалар) қол қояды.

Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінің бойында шешім қабылдауға және осындай шешімді қабылдаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты тапсырған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру немесе оны шақырудан бас тарту туралы қабылданған шешім жөнінде хабарлама жолдауға міндетті.

Ірі акционердің талабы бойынша акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы Қоғам директорлар кеңесінің шешіміне жағдайларда қабылданады, егер:

1) осы Бапта көзделген акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талапты тапсыру тәртібі сақталмаса;

2) акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмесе.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы Қоғам директорлар кеңесінің шешімі сотта даулануы мүмкін.

Егер Қоғам директорлар кеңесі осы Бапта белгіленген мерзім бойында ұсынылған талап бойынша акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдамаған жағдайда, оны шақыруды талап еткен тұлға акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізуді Қоғамға міндеттеу талабымен сотқа шағымдануға құқылы

10.7. Акционерлердің Жалпы жиналысына даярлық пен өткізуді мыналар жүзеге асырады:

- 1) атқарушы орган;
- 2) олармен жасалған шартқа сәйкес Қоғам тіркеушісі;
- 3) директорлар кеңесі;
- 4) Қоғамның тарату комиссиясы.

Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы, акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын шақыру тәртібін Қоғам органдары бұзған жағдайда, кез-келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Қоғам акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы, егер Қоғам органдары акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізу туралы оның талабын орындамаған жағдайда, Қоғамның ірі акционерінің талабы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

10.8. Акционерлер Жалпы жиналысы қатысуға және оған дауыс беруге құқығы бар акционерлер тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылар тізбесі жүйесінің мәліметтері негізінде Қоғам тіркеушісі құрастырады. Аталған тізімді құрастыру күні Жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылдау күнінен ерте белгіленбейді.

Егер акционерлер Жалпы жиналысына қатысуға және оған дауыс беруге құқығы бар акционерлер тізімін құрастырғаннан кейін осы тізімге енгізілген тұлға оған тиесілі Қоғамның дауыс беруші акцияларын иесіздендіруді жүргізген жағдайда, акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге көшеді. Бұл жағдайда акцияға меншік құқығын куәландыратын құжаттар тапсырылуы тиіс.

10.9. Акционерлер Жалпы жиналысы атқарушы органның орналасқан жері бойынша елді мекенде өткізілуі тиіс.

10.10. Акционерлер 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Жалпы жиналыстың алдағы өткізілуі туралы, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлануы тиіс.

10.11. Акционерлер Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы немесе оларға жолдануы тиіс. Егер Қоғам акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарлама оларға жазбаша хабарлама жолдау арқылы акционерлердің назарына жеткізілуі тиіс.

Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада мыналар болуы тиіс:

- 1) Қоғам атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Жалпы жиналысты шақыру бастамасы туралы мәлімет;
- 3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты мен орны, Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу күні, сондай-ақ, егер бірінші жиналыс болмаған жағдайда, өткізілуі тиіс Қоғам акционерлерінің қайталама Жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты;
- 4) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығы бар акционерлердің тізімін құрастыру күні;
- 5) акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен Қоғам акционерлерінің танысу тәртібі.

Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысы өтпеген орында өткізілуі тиіс.

10.12. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда аталған мәселелер бойынша негізді шешім қабылдау үшін қажетті көлемде ақпараттар болуы тиіс.

10.13. Қоғам органдарын сайлау мәселелері бойынша материалда ұсынылған кандидаттар туралы келесідей ақпараттар болуы тиіс:

- 1) аты-жөні, сондай-ақ қалауы бойынша – әкесінің есімі;
- 2) білімі туралы мәлімет;
- 2-1) Қоғамға қосылма тұлғалар туралы мәлімет;
- 3) соңғы үш жыл ішіндегі жұмыс орны мен атқаратын лауазымы туралы мәлімет;
- 4) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін куәландыратын өзге де ақпарат.

Қоғам директорлар кеңесін сайлау туралы мәселе (директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілген жағдайда, материалдарда директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылған кандидаттың қандай акционердің өкілі болып табылатыны немесе оның Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатындығы көрсетілуі тиіс. Егер директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат акционер немесе Қоғам акционері болып табылмайтын және акционер өкілі ретінде директорлар кеңесін сайлауға

ұсынылмаған (таныстырылмаған) жеке тұлға болып табылған жағдайда, онда мұндай мәліметтер сондай-ақ акционерлер тізімін құрастыру күні акционерлердің Қоғамның дауыс беруші акцияларын иелену үлесі туралы мәліметтерді енгізу арқылы материалдарда көрсетілуге жатады.

10.14. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша материалдар мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есебін;
- 2) жылдық қаржылық есепке аудиторлық есепті;
- 3) аяқталған қаржы жылы үшін Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептелген бір жылдағы дивидент көлемі туралы директорлар кеңесіне ұсынысты;
- 3-1) Қоғамның іс-әрекетіне акционерлердің шағымдануы туралы және оның лауазымды тұлғалары және оларды қарау қорытындысы туралы ақпаратты;
- 4) акционерлер Жалпы жиналысын өткізу бастамашысының ұйғарымы бойынша өзге де құжаттар.

10.15. Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін 10 (он) күннен кешіктірмей акционерлердің танысуы үшін Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша даярлануы және қолжетімді болуы тиіс, ал акционердің сауалы болған жағдайда – сауалды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің бойында оған жолдануы тиіс; құжаттар көшірмесін даярлау және құжаттарды жеткізу үшін шығындарды Қоғам көтереді.

10.16. Акционерлер Жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты оған қатысуға құқығы бар тұлғалардың барынша көп саны қатыса алатын Жалпы жиналыстың осындай ретімен белгіленуі тиіс.

10.17. Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты мен Жалпы жиналысты өткізу уақыты Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты мен Жалпы жиналысты өткізу уақытын тіркеуді өткізу үшін жеткілікті уақытты, Жалпы жиналыс қатысушыларының санын есептеуді және ондағы кворумның болуын Қоғамның санақ комиссиясы қамтамасыз етуі тиіс.

10.18. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысын өткізу акционерлердің бастапқы (өткізілмеген) Жалпы жиналысын өткізу күні белгіленгеннен кейін келесі күнінен кешіктірілмей тағайындалуы тиіс.

10.19. Акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар кеңесі құрастырады және талқылауға енгізілген құрастырылған мәселелердің нақты егжей-тегжейлі тізбесі болуы тиіс. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің өткізілмеген Жалпы жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеуі тиіс.

Акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібін Жалпы жиналыс өткізілген күнге дейін немесе Жарғының 10.20 Баптарында көзделген тәртіппен 10 (он бес) күннен кешіктірмей осындай толықтырулар туралы Қоғам акционерлеріне хабарландыру шартымен ірі акционер немесе директорлар кеңесі толықтыруы мүмкін.

10.20. Күн тәртібіне, егер оларды енгізу үшін акционерлер Жалпы жиналысына қатысушы және Қоғамның дауыс беруші акцияларының кемінде 95% (тоқсан бес пайыз) жиынтығына ие акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Күн тәртібі, егер оның енгізілуіне орналастырылған (сатып алынғандарды қоспағанда) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі дауыс берсе, артықшылықты акцияларға ие акционерлердің құқығын шектеуі мүмкін шешім мәселелерімен толықтырылуы мүмкін.

Акционерлер Жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданған жағдайда, акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) толықтырылмайды.

10.21. Күндізгі тәртіппен өткізілген акционерлер Жалпы жиналысын ашу кезінде директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту бойынша олар алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

10.22. Акционерлер Жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

10.23. Акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Жалпы жиналысқа ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.

10.24. Күн тәртібіне «әртүрлі», «өзге», «басқаларды» қоса алғанда, кең түсініктерді құрастыруға және оларды құрастыруға ұқсастарды пайдалануға тыйым салынады.

10.25. Акционерлер Жалпы жиналысы, егер Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеуді аяқтаған кезде оған қатысуға және оған дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беруші акцияларының

елу және одан көп пайызының жиынтығына ие акционерлер тізіміне енгізілген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және шешім қабылдауға құқылы.

10.26. Өткізілмеген жиналыстың орнына өткізілген акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер:

1) кворумның жоқтығы себебінен өткізілмеген акционерлер Жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса;

2) оған қатысу үшін тіркелген Қоғамның дауыс беруші акцияларының қырық және одан артық пайызының жиынтығына ие акционерлерді (немесе олардың өкілдерін), оның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлерді тіркеу аяқталған кезде.

10.27. Акционерлерге нұсқаулық бюллетеньдерде ұсынылған және Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеген сәтте Қоғам алған дауысты сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдерді жолдаған жағдайда, кворумды анықтау және дауыс беру қорытындысын шығару кезінде ескеріледі.

Сырттай дауыс беру жолымен акционерлер Жалпы жиналысын өткізу кезінде кворум болмаған жағдайында, акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы өткізілмейді.

10.28. Акционерлер Жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізілсе, акционер өкілі акционерлер Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге оның өкілеттігін куәландыратын сенімхатты көрсетуі тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есептелмейді және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Артықшылықты акция меншіккері болып табылатын Қоғам акционері күндізгі тәртіппен өткізілетін акционер Жалпы жиналысына қатысуға және оларда қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

Күндізгі тәртіппен өткізілетін Жалпы жиналысқа шақырылған тұлғалар қатысады. Акционерлер Жалпы жиналысына қатысуға осындай тұлғалардың құқығы акционерлер Жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

10.29. Акционер акционерлер Жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелерге жеке немесе өзінің өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.

Қоғам атқарушы органының мүшелері акционерлер Жалпы жиналысына акционерлер өкілі ретінде қатысуға құқығы жоқ.

Қоғам қызметкерлері мұндай өкілдік акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулық бар сенімхатқа негізделген жағдайды қоспағанда, акционерлер Жалпы жиналысына акционерлер өкілі ретінде қатысуға құқылы емес.

Акционерлер Жалпы жиналысына қатысуға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұлғалар үшін қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат немесе шартпен акционердің атынан сенімхатсыз әрекет ету немесе оның мүддесін білдіру құқығы талап етілмейді.

10.30. Акционерлер Жалпы жиналысы кворум болған жағдайда, жарияланған уақытта ашылады.

Акционерлер Жалпы жиналысы барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және Жалпы жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсы болмаған жағдайларды қоспағанда, жарияланған уақыттан ерте ашылмайды.

10.31. Акционерлер Жалпы жиналысы Жалпы жиналысы төрағасы мен хатшыны таңдауды өткізеді.

Акционерлер Жалпы жиналысы дауыс беру түрін анықтайды – ашық немесе құпия (бюллетень бойынша). Акционерлер Жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауысқа ие, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Атқарушы орган мүшелері акционерлер Жалпы жиналысына барлық қатысушылар атқарушы органға кірген жағдайларды қоспағанда, акционерлер Жалпы жиналысына төрағалық ете алмайды.

10.32. Акционерлер Жалпы жиналысын өткізу барысына оның төрағасы дауыс беруге қаралатын мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру әдісін өзгерту туралы ұсыныс енгізуге құқылы.

Төраға мұндай баяндама акционерлер Жалпы жиналысының регламентін бұзушылыққа алып келетін немесе аталған мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайды қоспағанда, күн тәртібіндегі мәселені талқылауға қатысуға құқығы бар тұлғалардың баяндамасына кедергі жасауға құқылы емес.

10.33. Акционерлер Жалпы жиналысы өзінің жұмысындағы үзіліс туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелерді қарауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

10.34. Акционерлер Жалпы жиналысы тек күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарағаннан және олар бойынша шешім қабылдағаннан кейін ғана жабық деп жарияланады.

10.35. Акционерлер Жалпы жиналысының хатшысы акционерлер Жалпы жиналысының хаттамасында мазмұндалған мәліметтердің толықтығына және дұрыстығына жауап береді.

10.36. Қоғамда акционерлер саны арқылы санақ комиссиясының кемінде жүз функциясын акционерлер Жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады. Акционерлер Жалпы жиналысының шешімі бойынша санақ комиссиясының функциясы Қоғам тіркеушісіне жүктелуі мүмкін.

10.37. Санақ комиссиясы кемінде 3 (үш) адамнан тұруы тиіс. Санақ комиссиясына Қоғамның алқалық органының мүшелері, сондай-ақ Қоғам атқарушы органының функциясын жеке жүзеге асыратын тұлғалар кіре алмайды.

Акционерлер Жалпы жиналысын өткізу кезінде санақ комиссиясының мүшелері болмаған жағдайда, Жалпы жиналысты өткізу уақытында санақ комиссиясының мүшесін қосымша сайлауға рұқсат етіледі.

10.38. Санақ комиссиясы:

- 1) акционерлер Жалпы жиналысына қатысу үшін келген тұлғалардың өкілеттігін тексереді;
- 2) акционерлер Жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді және оларға акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды береді;
- 3) сырттай дауыс беру үшін алынған бюллетеньдердің жарамдылығын анықтайды және жарамды бюллетеньдердің санын және күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша онда көзделген дауыстарды санайды;
- 4) акционерлер Жалпы жиналысы кворумының бар-жоқтығын анықтайды, оның ішінде Жалпы жиналысты өткізудің барлық кезеңінің бойында және кворумның болуын немесе жоқтығын хабарлайды;
- 5) акционерлер Жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді;
- 6) акционерлер Жалпы жиналысында қаралатын мәселелер бойынша дауыстарды санайды және дауыс беру қорытындысын шығарады;
- 7) акционерлер Жалпы жиналысында дауыс беру қорытындысы туралы хаттаманы құрастырады.

10.39. Санақ комиссиясы акционерлер Жалпы жиналысында дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдердегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

10.40. Акционерлер Жалпы жиналысында дауыс беру мынадай жағдайларды қоспағанда, «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстың ең жоғарғы санын шектеу;
- 2) директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивті дауыс беру;
- 3) акционерлер Жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға акционерлер Жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беру.

10.41. Акциялар бойынша берілетін кумулятивті дауыс беру кезінде дауысты директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидат үшін толықтай акционер беруі немесе директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидаттар арасында оларға бөлінуі мүмкін. Директорлар кеңесіне сайланғандар дауыстың көпшілік саны дауыс берген кандидаттар танылады.

10.42. Егер акционерлер Жалпы жиналысында дауыс беру күндізгі тәртіппен өткізілген жағдайда, дауыс беру құпия әдіспен жүзеге асырылады, мұндай дауыс беру үшін бюллетеньдер (бұдан әрі осы Бапта – күндізгі құпия дауыс беру үшін бюллетеньдер) дауыс беру құпия әдіспен жүзеге асырылатын әрбір жеке мәселе бойынша құрастырылуы тиіс. Бұл жағдайда күндізгі құпия дауыс беру үшін бюллетеньдерде мыналар мазмұндалуы тиіс:

- 1) мәселенің тұжырымы немесе жиналыстың күн тәртібіндегі оның реттік нөмірі;
- 2) «жақтаймын», «қарсы», «қалыс қалды» сөздері жазылған мәселе бойынша дауыс беру нұсқасы немесе Қоғам органындағы әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 3) акционерге тиесілі дауыстар саны.

10.43. Күндізгі құпия дауыс беру үшін бюллетеньдерге акционердің өзі бюллетеньге қол қояю, оның ішінде Қоғамға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған тиесілі акцияларды

сатып алу туралы талапты тапсыру мақсатында ниетін білдірген жағдайды қоспағанда, акционер қол қоймайды.

Күндізгі құпия дауыс беру үшін бюллетеньдер бойынша дауыстарды санау кезінде бюллетеньде белгіленген және дауыс берудің тек ықтимал нұсқаларының бірі ғана белгіленген дауыс беру тәртібін дауыс берушілердің сақтауы бойынша сол мәселелер жөніндегі дауыстар ескеріледі.

10.44. Акционерлер Жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлер Жалпы жиналысына (аралас дауыс беруге) қатысушы акционерлердің дауыс беруімен бірге немесе акционерлер Жалпы жиналысының мәжілісін өткізусіз қолданылуы мүмкін.

Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде бірыңғай үлгідегі дауыс беруге арналған бюллетеньдер акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады). Қоғам акционерлер Жалпы жиналысының дауыс беру нәтижесіне ықпал етуді көрсету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге іріктеп жолдауға құқылы емес.

Дауыс беруге арналған бюллетеньдер акционерлер Жалпы жиналысының мәжілісі өткізілетін күнге дейін 45 (қырық) бес күннен кешіктірілмей акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жолдануы тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерде мыналар мазмұндалуы тиіс:

- 1) Қоғам атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
  - 2) Жалпы жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәлімет;
  - 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді тапсырудың түпкілікті күні;
  - 4) акционерлер Жалпы жиналысының мәжілісін өткізу күні немесе акционерлер Жалпы жиналысының мәжілісін өткізусіз сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күні;
  - 5) акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібі;
  - 6) егер акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы мәселе болса, кандидаттарды сайлауға ұсынылғандардың аты-жөні;
  - 7) дауыс берудің өткізілуі бойынша мәселелер тұжырымдамасы;
  - 8) «жақтаймын», «қарсы», «қалыс қалды» сөздері жазылған акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары;
  - 9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру тәртібін (бюллетеньдерді толтыру) түсіндіру.
- Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге аталған тұлғаның жеке тұлғалығын куәландыратын құжат туралы мәліметті көрсету арқылы жеке тұлға – акционер қол қояды.

Акционердің – заңды тұлғаның сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қоюы және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылуы тиіс.

Акционердің – жеке тұлғаның немесе акционердің басшысының – заңды тұлғаның қолы қойылмаған, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі басылмаған бюллетень жарамсыз деп саналады.

Дауыстарды санау кезінде бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін акционердің сақтауы бойынша сол мәселелер жөніндегі және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының тек біреуі ғана белгіленген дауыстар ескеріледі.

Егер акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жеке кандидаттар үшін берілген дауыстарды санауға нұсқау үшін алаң болуы тиіс.

Егер сырттай дауыс беру арқылы акционерлер Жалпы жиналысын өткізу кезінде тиісті ретпен толтырылған бюллетеньдер барлық акционерлерден дауыстарды санаудың тағайындалған күнінен ерте түссе, онда дауыстарды санауға дауыстар қорытындысы туралы хаттамада көрсетілген күннен барынша ерте санауға жол беріледі.

Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді ерте жолдаған акционер аралас дауыс беру пайдаланылатын акционерлер Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның бюллетені акционерлер Жалпы жиналысының кворумын анықтау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды санау кезінде ескерілмейді.

10.45. Дауыс беру қорытындысы бойынша санақ комиссиясы дауыс беру қорытындысы туралы хаттаманы құрастырады және қол қояды.

Акционер дауыс беруге енгізілген мәселе бойынша айрықша пікір болған кезде, Қоғам санақ комиссиясы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.

Дауыс беру қорытындысы туралы хаттаманы құрастырғаннан және қол қойғаннан кейін хаттама негізінде құрастырылған күндізгі құпия және сырттай дауыс беру бюллетеньдері (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер) хаттамамен бірге тігіледі және Қоғамда сақталады.

Дауыс беру қорытындысы туралы хаттама акционерлер Жалпы жиналысының хаттамасына тіркеуге жатады.

Дауыс беру қорытындысы дауыс беру барысында жүргізілетін акционерлер Жалпы жиналысында хабарланады.

Акционерлер Жалпы жиналысының дауыс беру қорытындысы немесе сырттай дауыс беру нәтижелері оларды бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау немесе акционерлер Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін 10 (он бес) күнтізбелік күннің бойында әрбір акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы акционерлер назарына дейін жеткізіледі.

10.46. Акционерлер Жалпы жиналысының хаттамасы Жалпы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) күннің бойында құрастырылуы және қол қойылуы тиіс.

10.47. Акционерлер Жалпы жиналысының хаттамасында мыналар көрсетіледі:

- 1) Қоғам атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) акционерлер Жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты мен орны;
- 3) акционерлер Жалпы жиналысында таныстырылған Қоғам акциясына дауыс беретіндер саны туралы мәлімет;
- 4) акционерлер Жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлер Жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлер Жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысы;
- 8) акционерлер Жалпы жиналысына қатысатын тұлғалардың баяндамалары;
- 9) дауыс беруге қойылған акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша акционерлер дауысының жалпы саны;
- 10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындысы;
- 11) акционерлер Жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

Қоғам директорлар кеңесін сайлау туралы мәселені (директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау) Жалпы жиналыста қараған жағдайда, Жалпы жиналыс хаттамасында қай акционердің өкілі директорлар кеңесінің мүшелігіне өкіл болып табылатындығы және (немесе) директорлар кеңесінің мүшелігіне сайланғандардың қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

10.48. Акционерлер Жалпы жиналысының хаттамасы мыналардың қол қоюына жатады:

- 1) акционерлер Жалпы жиналысының төрағасы және хатшысы;
- 2) санақ комиссиясының мүшелері;
- 3) Қоғамның дауыс беруші акцияларының он немесе одан да көп пайызына ие және акционерлер Жалпы жиналысына қатысатын акционерлер.

Оған қол қоюға міндетті тұлға хаттамаға қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда, хаттамаға оған берілген сөзімен негізінде оның өкілі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан немесе сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар тұлға қол қояды.

Осы Баптың 1), 2), 3) Баптарында көзделген тұлғалардың қандай-да біреуі хаттама мазмұнымен келіспеген жағдайда, аталған тұлға хаттамаға тіркелуге жататын бас тартудың себептеріне жазбаша түсіндірмені тапсыра отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы.

10.49. Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындысы туралы хаттамамен, Жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына арналған сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тартудың себептерінің жазбаша түсіндірмесімен бірге тігіледі.

Аталған құжаттар атқарушы органда сақталуы тиіс және акционерге кез-келген уақытта танысу үшін тапсырылады. Акционердің талабы бойынша оған акционерлер Жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

10.50. Акционерлер Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 1-1) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ, егер аталған кодексті қабылдау Қоғам жарғысында көзделген жағдайда, оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 2) Қоғамды ерікті қайта құру немесе тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 3-1) Қоғамның құнды қағаздарының айырбасталым шарты мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді анықтау;

- 3-2) Қоғамның жай акцияларына айырбасталымды құнды қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
  - 3-3) бір орналастырылған акцияны басқа түрдегі акцияға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарты мен тәртібін анықтау;
  - 4) санақ комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, олардың мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 5) директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ олардың өздерінің міндеттемелерін орындағандығы үшін директорлар кеңесінің мүшелерін сыйақыландыру төлемі мен шығындар өтемінің көлемі мен шартын анықтау;
  - 6) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтайды;
  - 7) жылдық қаржылық есепті бекітеді;
  - 8) есептік қаржы жылдағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекітеді, жай акциялар бойынша дивиденттер төлемі туралы шешім қабылдайды және Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивидент көлемін бекітеді;
  - 9) Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер төлемсіздігі туралы шешім қабылдайды;
  - 9-1) Қоғам акцияларын ерікті шығару туралы шешім қабылдайды;
  - 10) өзге заңды тұлғалардың құрылуына немесе қызметіне немесе Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру (алу) жолымен өзге заңды тұлғалардың қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығуына Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
  - 11) акционерлер Жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғам акционерлеріне хабарландыру үлгісін анықтайды және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдайды;
  - 12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта оларды Қоғамның сатып алуы кезінде акциялар құнын анықтау әдісіне өзгерістерді бекіту (егер ол құрылтайлық жиналыста бекітілмеген жағдайда, әдістемені бекіту);
  - 13) акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
  - 14) Қоғам қызметі туралы ақпаратты акционерлерге тапсыру тәртібін анықтау, оның ішінде, егер мұндай тәртіп Қоғам жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
  - 15) «алтын акцияны» енгізу және жою;
  - 16) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Қоғам жарғысымен акционерлер Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне қатысты шешімдер бойынша өзге де мәселелер. Осы Баптың 1)-3) және 12) тармақшаларында көзделген мәселелер бойынша акционерлер Жалпы жиналысының шешімі Қоғамның дауыс беруші акциялары жалпы санының біліктілік көпшілік дауысымен қабылданады.
- Өзге мәселелер бойынша акционерлер Жалпы жиналысының шешімі дауыс беруге қатысушы Қоғамның дауыс беруші акциялары жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.
- 10.51. Акционерлер Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне қатысты шешім қабылдауда мәселелерді басқа органдардың құзыретіне, лауазымды тұлғаларға және Қоғам қызметкерлеріне беруге, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге ештеңе көзделмесе, жол берілмейді. Акционерлер Жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез-келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

## 11. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 11.1. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Қоғам Жарғысымен акционерлер Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне қатысты мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.
- 11.2. Акционерлер Жалпы жиналысының шешімі бойынша директорлар кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттемелерін орындау кезеңінде Қоғам директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын олардың орындауына байланысты сыйақы төленеді және (немесе) шығындардың орны толтырылады. Осындай сыйақылар мен өтемдердің көлемі акционерлер Жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.
- 11.3. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамды дамыту стратегиясын анықтау немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, Қоғамды дамытудың жоспарын бекіту;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу), оның ішінде орналастырылған (өткізілген) акциялар туралы, оларды орналастыру (өткізу) әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа құнды қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту;
- 5-1) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережені бекіту;
- 6) облигацияларды және Қоғамның өнімді құнды қағаздарын шығару шартын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін (атқарушы органның функцияларын жеке жүзеге асыратын тұлғаны) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) атқарушы орган басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функцияларын жеке жүзеге асыратын тұлғаның) лауазымдық жалақылары мен еңбек төлемінің және сыйақыландыру шартын анықтау;
- 9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, еңбек төлемінің және ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін сыйақыландырудың шарты мен көлемін анықтау;
- 9-1) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының көлемі мен сыйақыландыру шартын анықтау;
- 10) қаржылық есеп аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметі, сондай-ақ Қоғам акциясының төлеміне берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушы төлемінің көлемін анықтау;
- 11) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдаған құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондарды және Қоғамның құнды қағаздарына жазылуларды өткізу шарты мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды;
- 12) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру мен жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 13) басқа заңды тұлғалардың он және одан артық пайыз акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) Қоғамның алуы (иесіздендіруі) туралы шешім қабылдау;
- 13-1) Қоғамға тиесілі он және одан артық пайызды (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) заңды тұлғаның акционерлер (қатысушылар) Жалпы жиналысының құзыретіне қатысты қызметтер мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- 14) оның меншік капиталы көлемінің он және одан артық пайызын құрайтын шамада Қоғам міндеттемесін ұлғайту;
- 15) Қоғам туралы немесе қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 16) ірі мәмілелерді және жасалуында Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
- 17) Қоғам бюджетін бекіту;
- 18) есептік саясатты бекіту;
- 19) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шартты бұзған жағдайда, Қоғам тіркеушісін таңдау;
- 20) Қоғамның құнды қағаздарының кепілі туралы шартты мақұлдау туралы шешім қабылдау;
- 21) акционерлер Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Қоғам Жарғысында көзделген өзге де мәселелер. Осы Бапта көзделген мәселелер тізбесі шешу үшін атқарушы органға берілмейді. Директорлар кеңесі Қоғам жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлер Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

11.4. Директорлар кеңесі:

- 1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде мүдделердің басымдық қайшылықтарын, оның ішінде Қоғам меншіктерін заңсыз пайдаланғанда және мүдделілігі бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдаланғанда, қадағалауы және мүмкіндігінше қалпына келтіруі;
- 2) Қоғамда корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

11.5. Қоғамда директорлар кеңесіне барынша маңызды мәселелерді қарау және ұсыныстар даярлау үшін мынадай мәселелер бойынша директорлар кеңесінің комитеттері құрылады:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар мен сыйақыландыру;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер.

Қоғамның ішкі құжаттарымен өзге мәселелер бойынша директорлар кеңесінің комитеттерін құру қарастырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитеттегі жұмыс үшін қажетті кәсіптік білімге ие сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитеті директорлар кеңесінің мүшелерін басқарады. Осы Бапта көзделген директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директор болып табылады.

Атқарушы органның басшысы директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитеттерін құру мен жұмысының тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

11.6. Директорлар кеңесінің мүшелері тек жеке тұлға ғана болады.

11.7. Директорлар кеңесінің мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Қоғам жарғысына сәйкес оған жүктелген функцияларды өзге тұлғаның орындауына беруге құқығы жоқ.

11.8. Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың қатарынан сайланады:

- 1) акционерлер – жеке тұлғалар;
- 2) акционерлер өкілі ретінде директорлар кеңесіне сайлануға таныстырылған (ұсынылған) тұлғалар;
- 3) Қоғам акционері болып табылмайтын және акционер өкілі ретінде директорлар кеңесіне сайлануға таныстырылмаған (ұсынылмаған) жеке тұлғалар.

11.9. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды акционерлер директорлар кеңесінің бір орнына бір кандидат түскен жағдайды қоспағанда, дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалану арқылы кумулятивті дауыс берумен жүзеге асырады. Кумулятивті дауыс беру бюллетенінде мынадай графалар болуы тиіс:

- 1) директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың тізбесі;
- 2) акционерге тиесілі дауыстар саны;
- 3) директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат үшін акционерлер берген дауыстар саны.

Кумулятивті дауыс берудің нұсқаларына арналған бюллетеньге «қарсы» және «қалыс қалды» дауыс беруді енгізуге тыйым салынады.

Акционер бір кандидатқа оған тиесілі акциялар бойынша толық дауыс беруге немесе оларды директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидаттар арасында бөлуге құқылы. Директорлар кеңесінің мүшелігіне сайланғандар дауыстардың көпшілік санын жинаған кандидаттар болып саналады. Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан көп кандидаттар дауыстардың тең санын жинағанда, осы кандидаттарға қатысты тең дауыстар санын жинаған кандидаттарды көрсету арқылы акционерлерге кумулятивті дауыс беру бюллетеньдерін тапсыру жолымен қосымша кумулятивті дауыс беру өткізіледі.

11.10. Оның басшысынан басқа атқарушы орган мүшелері директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Атқарушы органның басшысы директорлар кеңесінің төрағалығына сайлана алмайды.

11.11. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамнан құралуы тиіс. Қоғам директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

11.12. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғаларға ұсынылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғам Жарғысымен белгіленеді.

11.13. Диреткорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам Жарғысында өзге ештеңе көзделмесе, шектеусіз бірнеше ретке қайта сайлануы мүмкін.

11.14. Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімі акционерлер Жалпы жиналысында белгіленеді. Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімі директорлардың жаңа кеңесін сайлау кезінде өткізілетін акционерлер Жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.

11.15. Акционерлер Жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

11.16. Оның бастамасы бойынша директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі директорлар кеңесінің аталған хабарламасын алған сәттен бастап тоқтатылады.

11.17. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда, директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау акционерлер Жалпы жиналысына ұсынылған кумулятивті дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл жағдайда директорлар кеңесінің қайта сайланған мүшелерінің өкілеттігі жалпы алғанда директорлар кеңесі өкілеттігі мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

11.18. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесі мүшелері жалпы санының көпшілік дауысымен оның мүшелерінің қатарынан сайланады.

Директорлар кеңесі кез-келген уақытта директорлар кеңесі мүшелері жаппы санының көпшілік дауысымен төрағаны қайта сайлауға құқылы.

Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілісін жүргізеді, сондай-ақ Қоғам Жарғысында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

11.19. Директорлар кеңесінің мәжілісі оның төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша немесе мыналардың талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің.

11.20. Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап директорлар кеңесі мәжілісіне ұсынылған күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарламаны жолдау арқылы директорлар кеңесіне тапсырылады.

Мәжілісті шақырудан директорлар кеңесінің төрағасы бас тартқан жағдайда, бастамашы директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті атқарушы органға талапты көрсете отырып, жүгінуге құқылы.

Директорлар кеңесінің мәжілісін директорлар кеңесінің төрағасы немесе атқарушы орган шақыру туралы талап түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің мәжілісі аталған талапты көрсеткен тұлғаны міндетті шақыру арқылы өткізіледі.

11.21. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы директорлар кеңесінің мүшелеріне хабарламаны жолдау тәртібін директорлар кеңесі анықтайды, ал «алтын акция» иесіне – алдағы мәжіліс туралы жазбаша хабарлама (күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса беру арқылы) мәжіліс күніне дейін кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде тапсырыс поштамен жолданады.

11.22. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар, егер Қоғам жарғысында өзге мерзім көзделмесе, мәжілісті өткізетін күнге дейін кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде директорлар кеңесінің мүшелеріне тапсырылады.

Ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуында мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау жөніндегі мәселені қараған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміленің тараптары туралы мәліметті, мәміленің орындалу мерзімі мен шартын, тартылған тұлғалардың сипаттамасы мен қатысу үлесінің көлемін, сондай-ақ Қоғам активтері көлемінің он және одан артық пайызы сомасындағы мүлікті алу немесе иесіздендіру нәтижесінде мәміле жасаған жағдайда, бағалаушының есебін қамтуы тиіс.

11.23. Директорлар кеңесінің мүшесі директорлар кеңесінің мәжілісіне оның қатыса алмау мүмкінсіздігі туралы атқарушы органға ертерек хабарлауға міндетті.

11.24. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу үшін кворум директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс.

Егер директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны Жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, директорлар кеңесі директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек акционерлердің кезектен тыс осындай Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

11.25. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімі мәжіліске қатысатын директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең жағдайда, директорлар кеңесі төрағасының немесе директорлар кеңесі мәжілісіне төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі тек директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық мәжілісін өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар кеңесінің шешімі директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім бюллетеньде алынған кворум болған кезде қабылданды деп танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісінің шешімі жазбаша түрде ресімделуі және директорлар кеңесінің төрағасы мен хатшысықол қоюы тиіс.

Шешімді ресімдеген күннен бастап 20 (жиырма) күннің бойында ол қабылданған осы шешім негізінде бюллетеньдер көшірмесінің қосымшасымен бірге директорлар кеңесінің мүшелеріне жолдануы тиіс.

11.26. Күндізгі тәртіппен өткізілген оның мәжілісінде қабылданған директорлар кеңесінің шешімі хаттамамен ресімделеді, оны мәжіліс өткізілетін күннен бастап 3 (үш) күннің бойында директорлар кеңесінің мәжілісіне төрағалық етуші тұлға мен хатшы құрастыруы және қол қоюы және мыналар мазмұндалуы тиіс:

- 1) Қоғам атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) мәжілісті өткізу күні, уақыты мен орны;
- 3) мәжіліске қатысушы тұлғалар туралы мәлімет;
- 4) мәжілістің күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсету арқылы олар бойынша дауыс беру қорытындысы;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

11.27. Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамда сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы директорлар кеңесі мүшелерінің талабы бойынша оған танысу үшін директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді тапсыруға және (немесе) оған Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен және Қоғам мөрінің таңбасымен куәландырылған хаттама мен шешімдердің көшірмелерін беруге міндетті.

Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатыспаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам Жарғысында көзделген тәртіпті бұзушылықта Қоғам директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғам директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібімен даулауға құқылы.

Акционер, егер аталған шешіммен Қоғамның және (немесе) осы акционердің құқықтары мен заңдық мүдделері бұзылған жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасы және Қоғам жарғысы талаптарының бұзушылығымен қабылданған Қоғам директорлары кеңесінің шешіміне сотта даулауға құқылы.

## 12. ПРЕЗИДЕНТ

12.1. Ағымдық қызметке басшылықты жеке атқарушы орган – Президент жүзеге асырылады.

12.2. Президент Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғам Жарғысымен басқа органдардың және Қоғамның лауазымды тұлғаларының құзыретіне қатысы жоқ Қоғам қызметінің кез-келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы.

12.3. Президент акционерлер Жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті. Тыйым салу құқығын белгілеуге қатысты мәселелер бойынша Президент шешімі «алтын акция» иесімен келісуге жатады.

Қоғам оның атқарушы органы – Президент Қоғамда белгіленген шектеулерді бұзушылықтармен жасаған мәмілелердің жарамдылығын, егер мәмілені жасау кезінде тараптар мұндай шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, даулауға құқылы.

12.4. Президент тек директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Президент атқарушы орган басшысының немесе атқарушы орган функциясын жеке жүзеге асыратын тұлғаның, басқа заңды тұлғаның лауазымын атқаруға құқылы емес.

Президенттің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғам жарғысымен, сондай-ақ Қоғаммен аталған тұлғалар жасаған еңбек шарттарымен анықталады.

Президентпен Қоғам атынан еңбек шартына директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған Жалпы жиналыспен немесе директорлар кеңесімен өкілеттенген тұлға қол қояды.

12.5. Президент:

- 1) акционерлер Жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 2) сенімхатсыз үшінші тұлғаларға қатысты Қоғам атынан әрекет етеді;
- 3) Қоғам мүддесін білдіреді;
- 4) Қоғамның барлық қызметкерлері орындау үшін міндетті шешімдер шығарады және тапсырмалар береді;
- 5) оның үшінші тұлғалармен қатынасында Қоғамды таныстыру құқығына арналған сенімхат береді;
- 6) Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және босатуды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда), оларға ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік шара қолданады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының және Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес жалақыға дербес үстемелер көлемін белгілейді, атқарушы орган және Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлері сыйақысының көлемін анықтайды;
- 7) бизнес-жоспарды бекіту үшін даярлайды және бекітілген жоспарды орындайды;
- 8) директорлар кеңесінің мәжілісіне арналған күн тәртібін дайындайды;
- 9) Қоғам қызметін жүзеге асыру үшін қажетті банкілік шоттарды ашады және олар бойынша операцияларды жүргізеді;
- 10) Қоғам атынан талап-өтінішті, талапты және өзге де талапты береді және Қоғам мүддесін қорғауға бағытталған кез-келген талқылау бойынша басқа тұлғаларға өкілдік етеді;
- 11) құнды қағаздар шығару перспектісін бекітеді;
- 12) акцияларды орналастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;
- 13) Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің, оның еншілес ұйымдарының және тәуелді акционерлік қоғамдардың жұмыстарын үйлестіреді және бағыттайды;
- 14) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешім қабылдайды;
- 15) Қоғамның штаттық санын бекітеді;
- 16) Қоғамның атынан кез-келген мәмілелерді жасайды, ол үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген шекте ақша қаражатын қоса алғанда, Қоғам мүлігін алады, басқарады және басшылық етеді;
- 17) Қоғам қызметін ұйымдастыруға бағытталған құжаттарды бекітеді (еңбек тәртібінің ережесін, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін құжаттарды және директорлар кеңесі бекітетін құжаттар тізбесіне кіретін құжаттарды қоспағанда, өзге де құжаттарды);
- 18) оның меншік капиталы көлемінің он пайызына дейін құрайтын шамада Қоғам міндеттемесін ұлғайту туралы шешім қабылдайды;
- 19) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғам Жарғысында және акционерлер Жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### 13. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ, ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІ ЖӘНЕ АУДИТІ

13.1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін директорлар кеңесінің тиісті шешімімен ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

13.2. Ішкі аудит қызметі директорлар кеңесінің шешімі бойынша үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Өкілеттік мерзімі Қоғам директорлар кеңесінің шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар кеңесіне бағынады және өзінің жұмысы туралы олардың алдында есеп береді.

13.3. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

13.4. Ішкі аудит қызметі кез-келген уақытта жеке бастама бойынша немесе директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша Қоғам қызметін тексеруді жүргізуге құқылы. Ішкі аудит қызметі осы мақсат үшін Қоғамның барлық құжаттамаларына кедергісіз мүмкіндік құқығына ие. Ішкі аудит қызметінің талабы бойынша Қоғам қызметкерлері қажетті түсініктерді ауызша немесе жазбаша түрде беруге міндетті.

Ішкі аудит қызметінің басшысы директорлар кеңесінің күн тәртібіне енгізуге арналған мәселелерге ынта білдіруге Қоғам қызметінде қаралатын мәселелерге шақырылған тұлға ретінде Қоғам директорлар кеңесінің мәжілісіне қатысуға құқылы, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің қызметкер лауазымына тағайындау үшін кандидатуралар бойынша ұсынысты директорлар кеңесінің қарауына енгізуге құқылы.

13.5. Бухгалтерлік есепті жүргізу және Қоғамның қаржылық есебін құрастыру тәртібі бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

Қоғамның қаржылық есебі Қоғамның бухгалтерлік балансын, кірістер мен шығыстар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті және бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де есепті қамтиды.

13.6. Президент жыл сайын акционерлер Жалпы жиналысына оны талқылау мен бекіту үшін аудит Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілген аяқталған жыл үшін жылдық қаржылық есепті тапсырады. Қаржылық есептен басқа, Президент Жалпы жиналысқа аудиторлық есепті де тапсырады.

13.7. Жылдық қаржылық есеп акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей директорлар кеңесінің алдын-ала бекітуіне жатады.

13.8. Қоғамның жылдық қаржылық есебін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында өткізіледі.

13.9. Қоғам жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында шоғырландырылған жылдық қаржылық есепті, ал еншілес (еншілес) ұйым (ұйымдар) болмаған жағдайда – уәкілетті орган белгілеген мерзімде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайда, уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген тәртіп пен мерзімде шоғырландырылған жылдық қаржылық есепті және аудиторлық есепті жариялауға міндетті.

Ірі мәмілелер және (немесе) жасалуында мүдделілігі бар мәмілелер туралы ақпарат халықаралық қаржылық есеп стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есепке түсіндірме жазбада ашылады. Нәтижесінде Қоғам активі көлемінің он және одан артық пайыз сомасындағы мүлікті алатын немесе иесіздендіретін мәміле туралы ақпарат мәмілелер тараптары туралы мәліметті, мәміленің мерзімі мен шарты, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемін, сондай-ақ мәмілелер туралы өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.

13.10. Қоғам аудиті директорлар кеңесінің бастамасы бойынша, Қоғам есебінен Президенттің немесе оның есебінен ірі акционердің талабы бойынша өткізіледі, бұл жағдайда ірі акционер аудиторлық ұйымды жеке анықтауға құқылы. Ірі акционердің талабы бойынша аудит өткізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұраған барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Қоғам Президенті Қоғам аудитін өткізуден жалтарса, аудит кез-келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

## 14. ЖАСАЛУЫНА ҚАТЫСТЫ АЙРЫҚША ШАРТТАР БЕЛГІЛЕНГЕН ҚОҒАМ МӘМІЛЕЛЕРІ

14.1. Ірі мәміле деп мыналар танылады:

1) өзара байланысты мәмілелер арасындағы мәмілелер немесе жиынтық, олардың қай (қайсысының) нәтижесінде Қоғам активі құны көлемінің жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын құндағы мүлікті Қоғам алады немесе иесіздендіреді (алынуы немесе иесіздендірілуі мүмкін);

2) өзара байланысты мәмілелер арасындағы мәмілелер немесе жиынтық, олардың қай (қайсысының) нәтижесінде Қоғам оның орналастырылған құнды қағаздарын сатып алуы немесе бір түрдегі орналастырылған құнды қағаздардың жалпы санының жиырма бес және одан артық пайызындағы Қоғамның олар сатып алған құнды қағаздары сатылуы мүмкін.

14.2. Өзара байланысты деп мыналар танылады:

1) бір және сол мүлікті алуға немесе иесіздендіруге қатысты тұлғалардың өзара арасындағы қосылма топтармен бірге бір немесе сол тұлғалармен жасаған бірнеше мәмілелер;

2) өзара байланысты бір шартпен немесе бірнеше шарттармен ресімделген мәмілелер.

14.3. Нәтижесінде Қоғам активі көлемінің он және одан артық пайызы сомасына мүлік алынатын немесе иесіздендірілетін мәмілелерді жасау туралы шешім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалаушы белгілеген аталған мүліктің нарықтық құнын ескере отырып қабылданады.

Егер мұндай мәміленің мәні ақша және (немесе) бастапқы нарықта шығарылатын (орналастырылатын) құнды қағаздар болып табылған жағдайда, мәміле жүргізілмейді.

Егер нарықты құнды бағалауға қажетті мүлік құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналысқа түсетін құнды қағаздар болып табылса, онда олардың нарықтық құнын анықтау кезінде осындай нарықта қалыптасқан осындай құнды қағаздармен мәміле бағасы немесе осындай құнды қағаздарға сұраныс бағасы мен ұсыныстар ескеріледі. Егер нарықтық құнды анықтау үшін қажетті мүлік Қоғамның өзінің акциясы болып табылса, онда олардың нарықтық құнын анықтау кезінде сондай-ақ Қоғамның меншік капиталының көлемі, Қоғамның дамыту жоспарына сәйкес оны өзгерту болашағы және нарықтық құнды анықтайтын тұлға маңызды деп санайтын өзге де факторлар ескеріледі.

14.4. Қоғамның ірі мәмілелерді жасау туралы шешімді директорлар кеңесі қабылдайды.

Кредиторлар мен акционерлерді ақпараттандыру мақсатында Қоғам Қоғамның ірі мәмілелерді жасау туралы шешімді директорлар кеңесі қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінің бойында Қоғам бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялауға, мәміле туралы хабарлауға міндетті.

14.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам Жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданған Қоғамның ірі мәмілелерді жасау туралы шешіміне келіспеген жағдайда, акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оған тиесілі акцияларды Қоғамның сатып алуын талап етуге құқылы.

14.6. Қоғамның мәмілелер жасауына мүдделілігі бар тұлғалар (бұдан әрі – мүдделі тұлғалар) Қоғамның қосылма тұлғалары болып танылады, егер олар:

1) мәмілелер тараптары болып табылса немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысса;

2) мәмілелер тараптары болып табылатын немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның қосылма тұлғалары болып табылса.

14.7. Жасалуында Қоғамның мүдделілігі жоқ мәмілелер болып табылмайтындар;

1) акционерлердің акцияны немесе Қоғамның басқа құнды қағаздарын алу, сондай-ақ өзінің орналастырылған акцияларын Қоғамның сатып алуы бойынша мәмілелер;

2) банкілік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтерді таратпау туралы міндеттемелерді қабылдау бойынша мәміле;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын Қоғамды қайта құру;

4) Қоғамның мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалатын өзінің қосылма тұлғаларымен мәміле;

5) Қоғамның өзінің қосылма тұлғаларымен жасалған шарт, оның үлгілік нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

14.8. Жарғының 14.6 бабында көзделген тұлға жасалуында мүдделілігі бар мәмілені Қоғамның жасауы туралы директорлар кеңесі шешім қабылдағанға дейін мынадай ақпараттарды директорлар кеңесінің назарына жеткізуге міндетті:

1) олардың мәміленің тараптары болып табылатындығы және оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатындығы туралы;

2) олар қосылма болып табылатын заңды тұлғалар туралы, оның ішінде дауыс беруші акциялардың (үлестердің, пайлардың) он және одан артық пайызын жеке немесе бірлесіп иеленетін өзінің қосылма тұлғалары туралы және органдарда лауазым атқармайтын заңды тұлғалар туралы;

3) олар жасалуына мүдделілігі бар тұлғалар деп танылуы ықтимал жасалатын немесе болжанатын оларға белгілі мәмілелер.

14.9. Жасалуында мүдделілігі бар Қоғамның мәмілелер жасау туралы шешім оның жасалуында мүдделілігі жоқ директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

14.10. Жасалуында мүдделілігі бар Қоғамның мәмілелер жасау туралы шешім мына жағдайларда оның жасалуында мүдделілігі жоқ директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады:

1) егер Қоғам директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылса;

2) шешімді қабылдау үшін қажетті дауыстар санының жоқтығынан осындай мәмілелерді жасау туралы директорлар кеңесінің шешімін қабылдау мүмкінсіздігінде.

Жасалуында мүдделілігі жоқ Қоғам мәмілелерін жасау туралы шешім, егер Қоғам директорлар кеңесінің барлық мүшелері және жай акцияларға ие барлық акционерлер мүдделі тұлғалар болып табылған жағдайда, Қоғамның дауыс беруші акциялары жалпы санының жай көпшілік дауысымен акционерлер Жалпы жиналысында қабылданады.

Бұл жағдайда акционерлер Жалпы жиналысына негізді шешім қабылдау үшін қажетті ақпарат (құжаттар қосымшасымен бірге) тапсырылады.

14.11. Жасалуында мүдделілігі бар ірі мәмілелер мен мәмілелерді жасау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарды сақтамау мүдделі тұлғалардың талабы бойынша сот тәртібімен аталған мәмілелерді жарамсыз деп тануға әкеп соқтырады.

14.12. Оны жасау тәртібінің талаптарын бұзушылықпен жасалған Қоғамның мәмілелерді жасауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген лауазымды тұлғалар қызметтерінің принциптеріне мүдделілігі бар тұлға Қоғам алдында олар Қоғамға келтірген шығындар көлемінде жауапкершілік көтереді. Мәмілені бірнеше тұлғалар жасаған жағдайда, Қоғам алдындағы олардың жауапкершілігі ортақ болып табылады.

14.13. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам Жарғысында көзделген талаптарды қасақана бұзушылықпен ірі мәміле жасаған тұлға, егер мұндай талап пайдакүнемдік себептен немесе жауапкершіліктен жалтару ниетінде пайда болса, мәмілені жарамсыз деп тануға құқылы емес.

## 15. ҚОҒАМ ФИЛИАЛДАРЫ МЕН ӨКІЛДІКТЕРІ

15.1. Қоғам Қазақстан Республикасында және одан тысқары жерлерде филиалдар (өкілдіктер) құруға, меншік мүлігінің есебінен олардың негізгі және айналым қаражаттарын бөлуге, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес олардың қызметтерін бөлу тәртібін анықтауға құқылы. Филиал немесе өкілдік мүлігі олардың жеке балансында және жалпы алғанда Қоғам балансында ескеріледі.

15.2. Филиалдар мен өкілдіктер директорлар кеңесі бекітетін Ереже негізінде әрекет етеді.

15.3. Қоғам филиалдарының (өкілдіктерінің) құрылымы мен штаттық кестесін Қоғам Президенті бекітеді. Қоғам Президентінің келісімі бойынша филиалдар (өкілдіктер) директорлары өздерінің құзыреті шегінде жеке құрылымдық бөлімшелер құруға құқылы.

15.4. Филиал (өкілдік) қызметіне басшылықты Қоғам Президенті тағайындаған тұлға жүзеге асырады. Филиал және өкілдік басшысы Қоғам берген Бас сенімхат негізінде әрекет етеді.

15.5. Қоғам Қоғам филиалдарының (өкілдіктерінің) қызметі үшін жауапкершілік көтереді.

## 16. ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР КЕПІЛІ

16.1. Қоғамның құнды қағаздары кепіл мәні болып табылады.

16.2. Акционерлер құнды қағаздарды салуға құқылы.

16.3. Акционер, егер кепіл шартында өзге ештеңе көзделмесе, олар салған акциялар бойынша дауыс беруге және дивиденттерді алу құқығына ие.

16.4. Қоғам тек мына жағдайларда олар орналастырылған құнды қағаздарды кепілге қабылдай алады, егер:

- 1) кепілге берілген құнды қағаздар толық төленгенде;
- 2) Қоғамға кепілге берілген және ондағы кепілдіктегі акциялардың жалпы саны Қоғам сатып алған акцияларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылған акцияларының жиырма бес пайыздан аспайтын пайызын құраса;
- 3) кепіл туралы шарт Қоғам директорлар кеңесінде мақұлданса.

16.5. Қоғамда орналастырылған және оның балансындағы акциялар бойынша дауыс құқығы, егер кепіл шартында өзге ештеңе көзделмесе, акционерге тиесілі. Қоғам оның кепіліндегі өзінің акцияларына дауыс беруге құқылы емес.

## 17. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ

17.1. Қоғамның лауазымды тұлғалары – директорлар кеңесінің мүшелері, Қоғам Президенті. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

- 1) оларға жүктелген міндеттемелерді адал орындайды және Қоғам мен акционерлер мүддесінің дәрежесі барынша көрінетін әдістерді пайдаланады;
- 2) Қоғам мүлігін пайдаланбауы немесе оны Қоғам Жарғысына, акционерлер Жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдеріне, сондай-ақ жеке мақсаттарға пайдалануға және өзінің қосылма тұлғаларымен мәмілелер жасау кезінде теріс пайдалануға жол бермеуі тиіс;
- 3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп жүйесінің толықтығын қамтамасыз етуге міндетті;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашу мен тапсыруды бақылайды;
- 5) Қоғам қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті, оның ішінде Қоғамдағы жұмысы тоқтаған кезден бастап 3 (үш) жылдың бойында.

17.2. Қоғам директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғам жарғысының талаптарына және Қоғамның ішкі құжаттарына, Қоғамның және оның акционерлерінің мүддесіндегі ақпараттылық, ашықтық негізде еңбек шартына сәйкес әрекет етуі;
- 2) барлық акционерлерге әділ қарауы, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікір айтуы тиіс.

17.3. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғам және акционерлер алдында олардың әрекетінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген залал үшін және мыналардың нәтижесінде келген шығындарды шектемеуді қоса алғанда, Қоғамға келтірген залалдар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікті көтереді:

- 1) шатастыруға алып келетін ақпаратты немесе әдейі жалған ақпаратты тапсыру;
- 2) ақпаратты тапсырудың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртібін бұзғанда;
- 3) жасалуында мүдделілігі бар ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау және (немесе) жасауға олардың ықпалсыз әрекетінің және (немесе) әрекетсіздігінің нәтижесінде Қоғамда шығынның туындауына алып келетін ұсыныстар, оның ішінде Қоғамның осындай мәмілелерді жасау нәтижесінде олардың немесе олардың қосылма тұлғаларының табыс (кіріс) алу мақсатында.

